

«ТІЛІМ – АМАНАТЫМ» Сіз мемлекеттік тілде сөйлесесіз бе?



Ана тілімізді білу, оны еркін сөйлеу мақсат емес, міндет. Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Ал сіз мемлекеттік тілде сөйлейсіз бе және оны қолданасыз ба?

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. Тіл – бабалар аманаты. Әр қазақтың өз тілін құрметтеуі – ол міндет. Қазіргі таңда

үштілділікті қолданамыз деп қазақ тілін екінші санатқа қойып тастаған секілдіміз. Осы ретте, тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек» деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында. Осы күнге дейін Кеңес Одағы кезінен келе жатқан азаматтарымыз қазақ тілін жетік меңгере алмай жатқанда, үштілділік оларды босаңсытып жіберген секілді. Оған мысал, өзім танитын көптеген орта жастағы азаматтар, жұмыс орынымдағы азаматтар өзінің ойын орыс тілінде еркін жеткізе алады. Тіпті қазақ тілін білмейтін азаматтар жетіп асады деп айтсам да болады. Олардың түсінуі үшін орыс тілінде сөйлесуге тура келеді. Осы жерде «неге?» деген сұрақ туады. Тәрбие – тал бесіктен. Тілді, патриотизмді жастарға үйрететін өзіміздің орта буындағы кісілер. Әрбір қазақ отбасы ұрпақтарын туылғанынан қазақ тілінің майына шомылдырып өсірсе, тіл мәселесі осындай ауқымды болмас еді. Білім ортасының жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Мен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып, маман атандым. Менің оқу орнымның менің тіл туралы ойыма қосқан үлесі көп. Оқу орнына түскеннен бастап, маман атанғанға дейінгі кезеңде маған патриотизм деген сезімді миыма құйып келді. Үш тілді жетік меңгеріп, қазақ тілінде еркін сөйлеуіме шектеу қойған жоқ. Қазақ тілінде оқытылу керек пән қазақ тілінде игерілді, ағылшын тілде оқытылу керек пән ағылшын тілде оқытылды. Тәрбие сағаттары, студенттік іс-шаралар қазақ тілінде ұйымдастырылды. «Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Он шетел тілінде сөйлесе тіпті жақсы, бірақ он шет тіліне орап, ана тілін тұншықтырып тастаса, ол – кешірілмес күнә. Сол себепті де мемлекеттік тіл – ол біздің мемлекетімізді құлатпай ұстап тұратын мықты бір діңгек екенін ұрпақтарымыз біліп өсуге тиіс» деген еді тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев. Елдің болашағы – жастардың қолында. Біз мемлекеттік тілді қастерлеп, оны білмейтін жандарға үйретсек, орта буын және артымыздан ерген жеткіншектер бізге қарап бой түзейді. Ана тілі – жас ұрпаққа аманат. Қазақ тілінің орыс тілінің көлеңкесінде қалып кетуіне жол бермеу керек. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деп Абай атамыз айтқандай қазақ тілін барлық жерде бірінші қоюымыз керек. Өз басым тіл үйренуге оның қатарында қазақ тілін білуге деген құштарлығымның арқасында қазақ халқының ауыз толтырып айтатын тарихын біліп, мәдениеті мен әдебиетіне құштарлығым артып, қазақ әдебиетінің жыр маржанымен сусынымды қандырып келемін.

Қорытындылай келе, елдің тарихы, салт-дәстүрі, болашағының дамуы ана тілін құрметтеген адамнан бастау алады. Мен өз тілімді мақтан тұтамын, қастерлеймін, қолданамын, кез келген ортада бірінші қазақ тілінде сөйлеймін, онда сен де неге дәл солай істемесе? Мемлекеттік тілді құрметтеу сенен, менен басталады!

**Байдилда М., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты
Жарымбетова Р.Н. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы**

ОНЛАЙН-ІС-ШАРА ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ЫНТАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Мен сіздермен көп жылдық тәжірибесі бар ағылшын тілі мұғалімі ретінде ҚазҰУ қабырғасындағы жұмыс кезінде алған әсеріммен бөліскім келеді. Студенттермен жұмыс жасау формасы мен мазмұны бойынша мүлдем басқа атмосфера. Бір жағынан мұғалім мамандығы өте жауапты, үнемі өзінің тәрбиелеуді, дамытуды, қазіргі қоғамның заманауи шарттарымен сәйкестікті талап етеді. Екінші жағынан, мұғалімдіктен асқан қызықты мамандық жоқ. Л.Н.Толстой былай деп жазған: «Мұғалімнің міндеті өте жоғары. Мұғалім тәрбиесін және білімін алған адам мұғалім бола алмайды, сол мамандыққа ішкі сенімділігі бар адам ғана бола алады және басқаша болуы мүмкін емес. Бұл сенім сирек кездеседі және адам өз кәсібіне әкелетін құрбандықтармен ғана дәлелденеді». Ұлы жазушы біздің мамандықтың мәнін дәл байқағандай. Біздің университетте тәрбие жұмысы көбінесе білім беру функциямен бірдей маңызды рөл атқарады. «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында 2020 жылдың 13-ші қарашасында «Логистика» тобының 1-курс студенттерімен «Музыканың құпиялары» атты тақырыбында ағылшын тілінде жобалық сабақ өткізілді. Бұл тәрбиелік сабақ логистердің керемет романтик бола алатындығын дәлелдеді. Студенттер

өздерінің әртүрлі музыкалық жанрлар мен бағыттары, оның ішінде ежелгі музыка мен ежелгі халықтар өнері туралы терең білімдерін көрсетті. Ержан Айдана ұсынған жобалық жұмыс қазақ ұлттық аспаптарының бірегей сапасы мен тарихына арналды. Содан кейін Қаратаев Даурен Құрманғазының «Сарыарқа» күйін шебер орындап берді. Оның жолдастары бұл қойылымды ду қол шапалақпен қолдады. Сондай-ақ, дарынды студент Турдиева Жамилияны атап өткім келеді, ол бізге «Отаным» тақырыбында өзінің жарқын өлеңдерін оқыды. Мен ҚазҰУ-да дарынды, тамаша студенттер оқып жатқанын мақтан тұтамын.

Осындай тәрбиелік жоба әдісінің білім беру әдісі ретінде артықшылығын атап өткім келеді. Презентация технологиясы барысында студенттер сөздік қорына бай білім базасын, командада жұмыс істеу тәжірибесін, есту арқылы түсінуді дамыта алады. Ең бастысы, олар университет қабырғасында білім алу арқылы бір-бірін жақсы тани бастайды. Бұл орта олардың жастық шағының ұмытылмас кезеңі болып табылады.

**Шет тілдер кафедрасының аға оқытушылары
Жарымбетова Р. Н., Набижанқызы З.**

БІЛІМ мен ТӘРБИЕ ЕГІЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттеріне университет қабырғасында тек білім беріп қана қоймай тәрбие жұмысымен де айналысуға мол мүмкіндік бар. Бұл жұмыстарды тәрбие жұмысы және тәрбие басқармасы бөлімі, жастар ұйымдары комитеті және ART- студенттер орталығы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедралардың оқытушылары үйлестіреді және жүзеге асырады. «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «ҚазҰУ – гринкампус», «Мен жастарға сенемін», т.б тәрбиелік жобаларға 1-курс студенттері 100% тартылған. Осы жобаларды іске асыру мақсатында шет тілдері кафедрасы оқытушылары ұйымдастырып жүрген шараларға тоқтала кеткіміз келеді.

«Айналанды нұрландыр» жобасы аясында 1-курс студенттерімен 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздік күні аталып өтіледі. Осы мемлекеттік мерекеге орай «Тәуелсіздік – еліміздің еркіндігі» атты тақырыпта тәрбиелік іс-шара өткізіліп, онда студенттер «Тәуелсіздік – еліміздің еркіндігі» тақырыбына ағылшын тілінде онлайн презентациялар жасады. Бұл іс-шараның мақсаты – студенттерге еліміздің тәуелсіздігінің құнын түсінуді және оны бағалай білуді насихаттау.

Студенттердің қызығушылығын тудыратын тағы бір тәрбиелік мәні зор іс-шара аты бүкіл әлемге әйгілі ұлы ғұлама, данышпан, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың құрметіне арналды. Әл-Фараби бабамыз әлемнің екінші ұстазы атанған, физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетінде үлес қосқан тұлға. Кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны екендігін студенттер өз жобаларымызда көрсете білдік. Мұндағы ең негізгі мақсатымыз әл-Фараби бабамыздың қазіргі ұрпаққа қалдырған ұлағатты сөздері мен терең ойларын білу және оны зерттеу.

Жыл сайын қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күні мерекесіне орай студенттер онлайн режимде өздеріне ағылшын пәнінен сабақ беріп жүрген оқытушыларын және барлық ҚазҰУ оқытушыларын құттықтады. Студенттер оқытушыларды құттықтауларын ағылшын тілінде жеткізіп, COVID 19 пандемиясының қиын кезеңінде ҚазҰУ оқытушыларына қолдау көрсетіп, олардың қиын да қызықты жұмыстарын бағалап және оларға өз ризашылықтарын білдірді.

Қорыта айтар болсақ, білім мен тәрбие егіз екендігінің дәлелі – біз университетте тек қана білім алумен шектелмей тәрбиелік мақсаттағы іс-шараларға, жобаларға қатысуға зор ықыласпен дайындаламыз. Ағылшын тілінде сабақта алған білімімізді жобалар, презентациялар, ән-күй, поэзия арқылы жеткізіп, практикада тілді қолдануға, коммуникативтік құзиреттімізді шындыра мүмкіндік бар екендігін мақтанышпен айта аламыз.

**ҚазҰУ шет тілдері кафедрасы доценті Адилбаева У.Б.,
ҚазҰУ ақпараттық технологиялар факультеті 1-курс студенті Қанатбекова Ә.**

КАЗНУ И КУЛЬТУРА

Многие выпускники школ задумываются над тем, в какой ВУЗ поступить, какой университет поможет достигнуть небывалых высот, и самое главное – какая специальность, какой факультет востребованы в современном мире. На мой взгляд, выбирать нужно ту профессию, которая принесет вам не только неплохой денежный доход, но и удовольствие. С гордостью мы, студенты казахского национального университета имени аль-Фараби, можем сказать, что наш университет предоставит вам возможность не только трудоустроиться после тяжелой и, несомненно, плодотворной учебы, но и поучаствовать в прекрасной студенческой жизни, в которую входят различные конкурсы, олимпиады, а также внеклассные мероприятия. И это касается всех факультетов!

Прошло почти три года с тех пор, как я поступила в КазНУ на специальность иностранной филологии факультета востоковедения. Выбрала я китайский язык почти случайно, но сейчас я определенно не жалею о своем решении. Вначале может показаться: а чему там учат кроме языка? Студенты не развиваются! Но тут я могу с уверенностью сказать, востоковеды, «инфиловцы», переводчики, обучающиеся на нашем факультете, получают хорошее образование, в котором помимо языков есть, как культура, история, литература страны изучаемого языка, так и общие предметы (политология, социология и так далее), благодаря которым у студентов обширные знания в каждой из областей наук.

Ежегодно проходят масштабные курсы, в которых могут участвовать студенты со всех городов, выступая как от организаторов (Институт Конфуция), так и от своих университетов. Одним из примеров может служить Китайский мост 汉语超. Вот уж где знатоки китайского языка могут разгуляться! И студенты КазНУ

активно участвуют в такого рода мероприятиях.

Стоит отметить, что у нашего университета хорошие связи с Китаем, так как каждый год кафедра китаеведения получает неплохие гранты на обучение в разных городах. Например, Пекин, Шанхай, Ухань, Чунцин, Синьцзян, Сиань и Ланчжоу. Количество грантов варьируется от пяти до десяти. Конечно, это мало, и конкуренция большая, но всё же у всех есть шанс попасть в эту десятку счастливицев. Всё, что нужно – это усердно учиться, своевременно сдавать экзамены на знание китайского языка (HSK), быть активным студентом, и всё у вас получится!

И не забудем про летний лагерь, который тоже предоставляет наш университет! Вы можете отправиться на пару месяцев в Шанхай, окунуться в китайскую культуру, попрактиковаться в разговорной речи и, конечно же, изучить китайский язык, побывав в необходимой для обучения среде.

Учиться в КазНУ весело, иногда трудно, но куда тут без трудностей? Грызть гранит науки – это вам не семечки щелкать, так что нужно брать себя в руки и показывать результат в первую очередь для себя, а не для преподавателей или кого-то еще. Всё всегда зависит от нас самих: от наших желаний, стремлений, поставленных целей, от выбора правильного направления в жизни. Поэтому давайте правильный выбор, чтобы не жалеть в будущем и не кусать локти. Каждый достоин лучшего, было бы желание.

**КазНУ им. Аль-Фараби
факультет Востоковедения
студент кафедры китаеведения,
3 курс
Оспанова Жаннур
Куратор-руководитель:
Күнбай Жұлдызай Күнбайқызы**